

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 27 желтоқсандағы N 1644 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 3 қарашадағы N 1093 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 20 қазандағы № 1192 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2011.10.20 № 1192 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Қолданушылар назарына: **Қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз.**

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Қазақстан Республикасы Ішкі істер органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамдарының қызмет өткеруі туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 27 желтоқсандағы 1644 қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ішкі істер органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамдарының қызмет өткеруі туралы ережеде:

3 - т а р м а қ т а :

", қатардағы ішкі қызметкер", ", ішкі қызмет кіші сержанты", ", ішкі қызмет сержанты", ", ішкі қызмет аға сержанты", ", ішкі қызмет старшинасы", ", ішкі қызмет прапорщигі, ішкі қызмет аға прапорщигі", ", ішкі қызмет кіші лейтенанты", ", ішкі қызмет лейтенанты", ", ішкі қызмет аға лейтенанты", ", ішкі қызмет капитаны", ", ішкі қызмет майоры", ", ішкі қызмет подполковнигі", ", ішкі қызмет полковнигі" ", ішкі қызмет генерал-майоры", ", ішкі қызмет генерал-лейтенанты, полиция генерал-полковнигі, ішкі қызмет генерал-полковнигі, армия генералы" деген сөздер алынып тасталсын;

6 - т а р м а қ т а :

е к і н ш і а б з а ц т а :

", осы Ереженің 5-тармағының тоғызыншы абзацында көзделген жағдайларды қоспағанда," деген сөздер алынып тасталсын;

"министрлігінің" деген сөз алынып тасталсын;

"әскери комиссариатқа" деген сөздер "жергілікті әскери басқару органдарына" деген сөздермен ауыстырылсын;

ү ш і н ш і а б з а ц т а :

"мерзімді әскери қызметтен өткен және" деген сөздер алынып тасталсын;
"аяқталмаған жоғары және жоғары білімі бар" деген сөздер "жоғары білімі бар немесе жоғары оқу орындарының соңғы курстарында оқитын" деген сөздермен ауыстырылсын;

төртінші абзацтағы "әскери комиссариатқа" деген сөздер "жергілікті әскери басқару органдарына" деген сөздермен ауыстырылсын;

7-тармақтың екінші абзацындағы "заңнамада" деген сөз "Қазақстан Республикасының заңдарында" деген сөздермен ауыстырылсын;

11, 12-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"11. Ішкі істер органдарына қатардағы, кіші және орта басшы құрам лауазымдарына алғаш рет түскен адамдар кадрға есепке алынғанға дейін арнайы алғашқы оқудан және тағылымдамадан өтеді, олар үшін сынақ мерзімі белгіленуі мүмкін .

Арнайы алғашқы оқудан, тағылымдамадан және сынақ мерзімінен өту тәртібі мен шарттарын Министр белгілейді .

Конкурстық іріктеуден өткен және арнайы алғашқы оқуға қабылданған адамдарды ұстау тиісті қаржы жылына арналған бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады .

12. Ішкі істер министрлігінің оқу орындарына оқуға түсетін адамдар, сондай-ақ ішкі істер органдарының қаражаты есебінен оқуға ақы төлей отырып, Ішкі істер министрлігінің жолдамалары бойынша шет мемлекеттердің ішкі істер органдарының жоғары оқу орындарына түсетін адамдар оқу орнындағы оқу мерзіміне және бір мезгілде оқу орнын бітіргеннен кейін Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарында әскери қызметшілер, орта және аға басшы құрам лауазымдарында күнтізбелік есеп бойынша бес жылға қызмет өткеру туралы келісім-шарт жасасады. Келісім-шартта тараптардың (оқуға түсетін адамның және уәкілетті мемлекеттік органның лауазымды адамының) өзара міндеттемелері мен жауапкершіліктері белгіленеді. Келісім-шарт ішкі істер органдарының оқу орнына қабылдау туралы қабылдау комиссиясының шешімінен кейін жасалады. Келісім-шарттың нысанын, оны жасасу, ұзарту, өзгерту, бұзу және тоқтату тәртібін Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрі белгілейді .

Ішкі істер органдарының қызметкері Ішкі істер министрлігінің оқу орнын бітіргеннен кейін ішкі істер органдарында әрі қарай қызмет өткеруден бас тартқан не келісім-шартты мерзімінен бұрын бұзған жағдайда ол оны оқыту кезеңінде стипендия төлеуге, тамақтандыруға, заттай үлесіне жұмсалған бюджет қаражатын мемлекетке өтеуге міндетті. Ұсталуға тиіс сома келісім-шарт мерзімі аяқталғанға дейінгі әрбір толық қызмет атқармаған айға пропорционалды түрде есептеледі .

Шақырылу жасына жеткен және сабаққа үлгермеушілігі, тәртіпсіздігі бойынша, сондай-ақ өз еркімен оқудан шығарылған Ішкі істер министрлігінің оқу орындары күндізгі бөлімдерінің курсанттары (тыңдаушылары), егер оқу орнына түскенге дейін мерзімді әскери қызметтің белгіленген мерзімін өтемесе, әскери есепке қою үшін тұрғылықты жері бойынша әскери басқару органдарына жіберіледі. Олар мемлекетке оларды оқыту кезеңінде стипендия төлеуге, тамақтандыруға, заттай үлесіне жұмсалған бюджет қаражатын өтеуге міндетті. Ұсталуға тиіс сома оқу орнында болған әрбір толық айға пропорционалды түрде е с е п т е л е д і .

Бюджет қаражатын мемлекет пайдасына өндіріп алу заңнамада белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің оқу орындарына күндізгі оқу бөліміне қабылданған адамдар әскери есептен шығарылады және ішкі істер органдарында арнайы есепке алынады. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі оқу орындарының кәсіби орта, кәсіби жоғары білім беру бағдарламалары бойынша күндізгі оқудың толық курсы бітірушілер үшін оқу уақыты мерзімді әскери қызмет өткеруге теңестіріледі.

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің кәсіби жоғары және орта оқу орындарының, өзге де мемлекеттердің ішкі істер органдары оқу орындарының түлектері бөлуге сәйкес қызмет өткеруге жіберіледі.

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің оқу орындары диплом алдындағы практикадан өту үшін ішкі істер органдарына жіберген курсанттар (тыңдаушылар) практикадан өту кезеңінде лауазымға тағайындалады.

Күндізгі адъюнктураға тікелей Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің жоғары оқу орындарын бітірісімен қабылданған ішкі істер органдарының қызметкерлеріне тиісті кафедраның оқытушысы жалақысының 70%-ы мөлшерінде лауазымдық жалақы, сондай-ақ арнаулы атағы үшін қосымша а қ ы т ө л е н е д і .

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің кәсіби жоғары және орта оқу орындарының курсанттарына (тыңдаушыларына) жазғы каникулдық демалысын өткізу орнына автомобиль, темір жол және су көлігімен баруға және кейін қайтуға жол жүру құны төленеді.

Ішкі істер органдарының кәсіби жоғары білімі бар қатардағы және басшы құрамдағы адамдарының заңнамада белгіленген тәртіппен ішкі істер органдары жүйесінің оқу орындарында екінші кәсіби жоғары білім алуына болады.";

1 3 - т а р м а қ т а :

мемлекеттік тілдегі мәтінінде үшінші абзацтағы "лейтенанттары, ішкі қызмет кіші" деген сөздер алынып тасталсын, "ішкі қызмет подполковниктеріне" деген сөздер "полиция подполковниктеріне" деген сөздермен ауыстырылсын;

т ө р т і н ш і а б з а ц т а :

"ішкі қызмет полковниктері" деген сөздер алынып тасталсын;

"50" деген сандар "53" деген сандармен ауыстырылсын;

б е с і н ш і а б з а ц т а :

"ішкі қызмет генерал-майорлары", "ішкі қызмет генерал-лейтенанттары" деген сөздер алынып тасталсын;

"55" деген сандар "58" деген сандармен ауыстырылсын;

алтыншы абзацтағы "полиция генерал-полковниктері, ішкі қызмет генерал-полковниктері, армия генералдары - 60 жас" деген сөздер алынып т а с т а л с ы н ;

жетінші абзацтағы ", олардың қызметке жарамдылығы жағдайында," деген сөздер алынып т а с т а л с ы н ;

сегізінші абзацтағы "Ерекше жағдайларда" деген сөздерден кейін ", тиісті лауазымдарға тағайындау құқығы бар басшының шешімі бойынша" деген сөздермен толықтырылсын;

2 2 - т а р м а қ т а :

б і р і н ш і а б з а ц т а :

"кию үшін," деген сөздер алынып тасталсын;

мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Ішкі істер органдары қызметкерлерінің қалауы бойынша оларға нысанды және арнайы киім-кешектің орнына ақшалай өтемақы төленуі мүмкін.";

24-тармақ алынып тасталсын:

29-тармақтың екінші сөйлемі алынып тасталсын;

30-тармақтың бірінші абзацындағы "заңдарында қарастырылады" деген сөздер "заңдарында көзделеді" деген сөздермен ауыстырылсын;

3 1 - т а р м а қ т а :

бірінші абзацтағы "жасының келуі, денсаулық жағдайы, штаттың қысқаруы, еңбек сіңірген жылдары бойынша қызметтен", "мен олардың отбасы мүшелері" деген сөздер алынып т а с т а л с ы н ;

үшінші абзац "органдары" деген сөзден кейін ", заңнамада белгіленген тәртіппен" деген сөздермен толықтырылсын;

34-тармақтың екінші абзацындағы "қызмет атқаруға міндетті" деген сөздер " қызметке тартылуы мүмкін" деген сөздермен ауыстырылсын;

36-тармақтың алтыншы абзацындағы "заңдармен" деген сөз "Қазақстан Республикасының заңдарында" деген сөздермен ауыстырылсын;

39-тармақтағы "нормативтік" деген сөзден кейін "құқықтық" деген сөзбен толықтырылсын;

4 0 - т а р м а қ т а :

б і р і н ш і а б з а ц т а :

"толық көлемде", "бірақ үш айдан аспайтын мерзімге" деген сөздер алынып т а с т а л с ы н ;

"материалдық шығыны" деген сөздерден кейін "Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен" деген сөздермен толықтырылсын; екінші абзацтағы "және анықтау" деген сөздер алынып тасталсын;

42-тармақтағы "Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші Жарлығына" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Заңына" деген сөздермен ауыстырылсын;

43-тармақтың екінші абзацындағы ", ішкі қызмет" деген сөздер алынып тасталсын;

4 4 - т а р м а қ т а :

бесінші, алтыншы, жетінші, сегізінші абзацтардағы ", ішкі қызмет қатардағы қызметкері", ", ішкі қызмет кіші сержанты", ", ішкі қызмет сержанты", ", ішкі қызмет аға сержанты" деген сөздер алынып т а с т а л с ы н ;

тоғызыншы абзац алынып тасталсын;

оныншы абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Полиция старшинасы атағында еңбек сіңірген мерзімі белгіленбейді.";

4 5 - т а р м а қ т а :

екінші, үшінші, төртінші абзацтардағы ", ішкі қызмет кіші лейтенанты", ", ішкі қызмет лейтенанты", ", ішкі қызмет аға лейтенанты" деген сөздер алынып т а с т а л с ы н ;

б е с і н ш і а б з а ц т а :

", ішкі қызмет капитаны" деген сөздер алынып тасталсын;

"3" деген сан "4" деген санмен ауыстырылсын;

а л т ы н ш ы а б з а ц т а :

", ішкі қызмет майоры" деген сөздер алынып тасталсын;

"4" деген сан "5" деген санмен ауыстырылсын;

жетінші, сегізінші, тоғызыншы абзацтардағы ", ішкі қызмет подполковнигі", ", ішкі қызмет лейтенанты", ", ішкі қызмет полковнигі" деген сөздер алынып тасталсын;

4 6 - т а р м а қ т а :

бірінші абзацтағы ", ішкі қызмет кіші лейтенанты" деген сөздер алынып т а с т а л с ы н ;

екінші абзацтағы "министрліктер мен ведомстволардың" деген сөздер " мемлекеттік органдардың" деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші абзацтағы ", сондай-ақ аяқталмаған жоғары білімі (үшінші курстан төмен емес) бар" деген сөздер алынып тасталсын;

47-тармақтың бірінші және екінші абзацтарындағы ", ішкі қызмет лейтенанты", ", ішкі қызмет кіші лейтенанттарына" деген сөздер алынып тасталсын;

48 - тармақта :

екінші абзацта :

", ішкі қызмет майорына" деген сөздер алынып тасталсын;

"бас басқармаларының, басқармаларының" деген сөздер "департаменттерінің" деген сөзбен ауыстырылсын;

үшінші абзацтағы ", ішкі қызмет полковнигіне" деген сөздер алынып тасталсын;

52-тармақтың бірінші абзацындағы ", ішкі қызмет полковнигіне" деген сөздер алынып тасталсын;

54-тармақтың бірінші абзацындағы "(резервіндегі)" деген сөз алынып тасталсын;

59 - тармақта :

бірінші абзацта :

"өздеріне берілген құқықтарға" деген сөздерден кейін "және Министр бекітетін лауазымдар санаттары бойынша үлгі біліктілік талаптарына" деген сөздермен толықтырылсын;

в) тармақшасында :

"(резервіне)" деген сөз алынып тасталсын;

үшінші абзац "емделуі" деген сөзден кейін "бұрынғы қызмет атқарған жерінен тиісті ішкі істер органы орналасқан жерге дейін жол жүріп барған уақыты; кәсіби жоғары және орта оқу орындарының сырттай, кешкі бөлімдерінің оқу-емтихандық сессияларында болу уақыты; қылмыстық іс тоқтатылған немесе ақтау үкімі шығарылған жағдайларда тұтқындалған күнінен бастап босатылған күнін қоса қылмыстық жауапкершілікке тартылуға байланысты тұтқында болған уақыты" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Кезекті демалысын пайдаланбаған, атқарып отырған қызметтерінен босатылған және оның қарамағындағы қызметкерлерге оларды қызметте одан әрі пайдалану туралы мәселені шешу кешіктірілген жағдайларда, әдетте, пайдаланылмаған демалысы беріледі. Оларға кезекті демалыс уақыты үшін ақшалай үлес қарамағында болу мерзіміне қарамастан, қарамағына қабылданған күнінен бастап негізгі лауазымы бойынша алатын мөлшерде төленеді.";

61 - тармақта :

д) тармақшасында :

екінші абзацтағы "(штат қысқарғанға) немесе ішкі істер органын қайта құруға дейінгі лауазымы бойынша жалақысына тең (немесе жоғары) жалақысы бар лауазымға тағайындалғанға дейінгі мерзімде бұрынғы лауазымы бойынша алған

жалақысы сақтала отырып" деген сөздер алынып тасталсын;
төртінші абзацтағы "министрдің шешімі бойынша жекелеген жоғары білікті мамандардың лауазымдық жалақысы кейінгі өзгерістерді ескере отырып, соңғы атқарған лауазымы бойынша жалақысы сақтала отырып," деген сөздер алынып тасталсын;

6 2 - т а р м а қ т а :

"резервте" деген сөз "басшы кадрлар резервінде" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Басшы кадрлар резервіне қабылданған басшы құрамдағы адамдардың кәсіптік даярлықты жетілдіру жөніндегі жұмысы Министр белгілейтін тәртіппен жүзеге асырылады.";

6 4 - т а р м а қ т а :

"үлес толық көлемде" деген сөздер "үлес" деген сөзбен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Қылмыс жасағаны үшін сотталуына байланысты ішкі істер органдарынан босатылған, ал кейіннен ақтап шығарылған және тиісінше лауазымы мен арнаулы атағы қайтарылған қызметкерлерге қызметте амалсыздан болмаған уақыт үшін ақшалай үлес қолданыстағы заңнамада белгіленген тәртіппен өтеледі .";

67-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"67. Қызметкерлерді аттестациялау кемінде үш жылда бір рет, сондай-ақ жоғары лауазымдарға тағайындау кезінде, төменгі лауазымдарға тағайындау және тәртіптік жазалау ретінде лауазымынан босату кезінде, теріс қылықтары үшін және аттестациялық тәртіппен ішкі істер органдарынан босатылған кездерде жүргізіледі.";

70-тармақтың екінші абзацындағы "әйелдер" деген сөз "қызметкерлер" деген сөзбен ауыстырылсын;

72-тармақтың бірінші абзацындағы "ол қайта кәсіби даярлықтан өтуге жіберілуі," деген сөздер алынып тасталсын;

74-тармақтың е) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"е) жүктілігі мен босануына байланысты берілетін демалыстар, бала асырап алған әйелдерге (ерлерге), үш жасқа дейінгі балалары бар аналарға, бала асырап алған әйелдерге (ерлерге) берілетін жалақысы сақталмайтын қосымша демалыстар;"

75-тармақтың екінші абзацы "адамдардың" деген сөзден кейін "Қазақстан Республикасының шегінде" деген сөздермен толықтырылсын;

84-тармақтағы "облыстық ішкі істер басқармасының бастығынан бастап, Алматы қалалық ішкі істер Бас Басқармасының" деген сөздер "облыстың,

көліктегі, Астана және Алматы қалалары ішкі істер департаменттерінің" деген сөздермен ауыстырылсын;

87 - тармақта :
екінші абзацта :

"бас басқармасының, басқармасының" деген сөздер "департаментінің" деген сөзбен ауыстырылсын ;

", Республикалық мемлекеттік кәсіпорнының" деген сөздер алынып тасталсын;

88-тармақтың бесінші абзацындағы "Бұл ретте жазғы каникул демалысы 15 тәуліктен кем емес мерзімге берілуі керек." деген сөздер алынып тасталсын;

89 - тармақта :

бірінші абзацтағы "Үкіметтің шешімдерімен белгіленген қосымша және әлеуметтік демалыстар" деген сөздер "Қосымша демалыстар және жүктілігі мен босануына байланысты берілетін демалыстар, бала асырап алған әйелдерге (ерлерге) берілетін демалыстар, үш жасқа дейінгі балалары бар аналарға, бала асырап алған әйелдерге (ерлерге) берілетін жалақысы сақталмайтын қосымша демалыстар" деген сөздермен ауыстырылсын;

төртінші абзацта :

"Әлеуметтік демалыстарды" деген сөздер "Жүктілігі мен босануына байланысты берілетін демалыстарды, бала асырап алған әйелдерге (ерлерге) берілетін демалыстарды, үш жасқа дейінгі балалары бар аналарға, бала асырап алған әйелдерге (ерлерге) берілетін жалақысы сақталмайтын қосымша демалыстарды" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші сөйлем алынып тасталсын;

мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Ішкі істер органдарының қызметкерлеріне демалыс өткізу орнына бару және қайту жолына берілген уақытын қоса алғанда, кезекті, қысқа мерзімді, қосымша демалыстар, сырқаттануына, жүктілігі мен босануына байланысты демалыстар кезінде ақшалай үлес олардың атқарып отырған лауазымы бойынша демалысқа шыққан күні алған мөлшерде төленеді.";

90-тармақтың а) мен б) тармақшасындағы "Жалпыға бірдей әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" деген сөздер "Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" деген сөздермен ауыстырылсын;

мемлекеттік тілдегі мәтінінде 91-тармақтың а) және в) тармақшалары өзгеріссіз қалдырылсын ;

и) тармақшасындағы "ұдайы бұзғандығы" деген сөздер "өрескел бұзғаны" деген сөздермен ауыстырылсын;

92 - тармақта :

а) тармақшасындағы "Жалпыға бірдей әскери міндеттілік және әскери қызмет

туралы" деген сөздер "Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" деген сөздермен ауыстырылсын;

мемлекеттік тілдегі мәтінінде б) тармақшасы өзгеріссіз қалдырылсын;

94-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"94. Қызметтік міндеттерін орындаумен байланысты емес, бірақ азаматтардың алдында мемлекеттік қызметтің абыройы мен беделіне нұқсан келтіретін іс-әрекеттер, атап айтқанда: ішкі істер органдары қызметкерлерінің қоғамдық орындарда мас күйінде (айналасындағыларға айқын көрінетіндей) болуы; тергеудегі, сотталған адамдармен рұқсат етілмеген байланыстар жасау; тергеуге зиян келтіретін жедел сипаттағы ақпаратты жария ету; заңсыз әрекеттер жасаған азаматтарға жәрдемдесу; қызмет бабын жеке пайдакүнемдік ниетпен пайдалану; қызметкерлердің, оқу орындарының тыңдаушылары мен курсанттарының арасында теріс қоғамдық резонанс тудырған жарғыдан тыс қарым-қатынастар жасау; кәсіпкерлік қызметтің кез келген түрімен айналысу, оның ішінде коммерциялық делдалдық жасау, сондай-ақ қызмет бабын пайдалана отырып жұмыс жасау және қызметтер көрсету және т.б. іс-әрекеттер жасаған қатардағы және басшы құрамдағы адамдар осы Ереженің 91-тармағының и) тармақшасына сәйкес ішкі істер органдарының беделіне дақ түсіретін қылықтар жасағаны үшін қызметтен босатылады.

Санамаланған негіздер бойынша босатылған адамдар ішкі істер органдарындағы қызметке қайта қабылданбайды.";

мемлекеттік тілдегі мәтінінде 95-тармақтың бірінші абзацы өзгеріссіз қалдырылсын;

97 - т а р м а қ т а :

а) т а р м а қ ш а с ы н д а :

", ішкі қызмет подполковнигін қоса алғанда, полиция подполковнигіне дейін" деген сөздер "полиция подполковнигіне дейін қоса алғанда" деген сөздермен ауыстырылсын;

"бас басқармаларының, басқармаларының" деген сөздер "департаменттерінің" деген сөзбен ауыстырылсын;

б) тармақшасындағы ", ішкі қызмет полковнигін қоса алғанда, полиция подполковнигіне дейін" деген сөздер "полиция подполковнигіне дейін қоса алғанда" деген сөздермен ауыстырылсын;

100-тармақтағы "әскери комиссариаттар" деген сөздер "жергілікті әскери басқару органдары" деген сөздермен ауыстырылсын;

104-тармақтың бірінші абзацындағы "салық полициясының органдарына, Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігіне" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігіне (қаржы полициясы), Қазақстан

Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігіне, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Кедендік бақылау комитетіне" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы "Қызмет тәртібі" деген 9-бөліммен және 105, 106, 107, 108, 109, 110, 111, 112, 113-тармақтармен толықтырылсын:

"105. Ішкі істер органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамдарының тәртібі олардың заңдылық, дара басшылық қағидаттарын қатаң сақтауына, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің талаптарын, антты, командирлер мен бастықтардың бұйрықтарын орындауына негізделеді.

106. Қызмет бабында бір-біріне тікелей бағынысты болмайтын қатардағы және басшы құрамдағы адамдар нақты тапсырмаларды орындау кезінде аға немесе кіші қызметкерлер болуы мүмкін.

107. Қатардағы және басшы құрамдағы адамдар бір-бірімен, әскери қызметшілермен кездескен кезде және өзге де жағдайларда Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің жарғыларында белгіленген тәртіппен және ережелер бойынша сәлем береді.

108. Бастықтың бұйрығы бұлжытпай, нақты және мерзімінде орындалады.

Ішкі істер органдарының қызметкерлері, егер олардың іс-әрекеттері заңнамаға сәйкес жүзеге асырылған болса, арнайы құралдар мен әдістерді, қару-жарақты қолдану кезінде келтірілген зиян үшін жауапкершілікке тартылмайды.

109. Қызметтік борышын атқару кезінде көрсеткен ерлігі мен батылдығы, қайсарлығы және мемлекет алдындағы басқа да сіңірген еңбегі үшін қатардағы және басшы құрамдағы адамдар Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларымен марапаттауға ұсынылуы мүмкін.

110. Көтермелеулер мен тәртіптік жазаларды бастықтар өздеріне берілген құқықтар шегінде қолданады.

111. Ішкі істер органдарының қызметкерлеріне теріс қылықтары анықталған күннен бастап бір айдан және теріс қылықтарды жасаған күннен бастап алты айдан кешіктірмей тәртіптік жаза қолданылады.

Жаза қолдану алдында қатардағы және басшы құрамдағы адамнан жазбаша түрде түсініктеме алынуға тиіс.

Командир (бастық) тәртіптік жаза қолдану туралы шешім қабылдар алдында, әдетте, қызметтік тергеу жүргізіледі. Ол кінәлі адамдарды айқындау, теріс қылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау мақсатында жүргізіледі.

112. Қатардағы және басшы құрамдағы адамға бұйрықпен қолданылған тәртіптік жаза ол қолданылған күннен бастап алты ай өткеннен кейін, егер осы

кезеңде ол басқа тәртіптік жазаға тартылмаған болса, ол алып тасталған деп
с а н а л а д ы .

113. Қатардағы және басшы құрамдағы адамдардың өздеріне қатысты қабылданып отырған шешімдер мен іс-әрекеттер бойынша қолданыстағы заңнамаға сәйкес жоғары лауазымды адамдарға немесе сотқа шағымдануға құқығы бар."

2. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі осы қаулыда көрсетілген іс-шараларды іске асыруды Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарын ұстауға көзделген тиісті қаржы жылына арналған бюджет қаражаты есебінен және шегінде жүргізсін.

3. Осы қаулымен ішкі істер органдарында қызметте болудың шекті жасы өзгертілген қызметкерлер мынадай шекті жастарға:

1) полиция полковниктері - елу жасқа;

2) полиция генерал-майорлары мен полиция генерал-лейтенанттары - елу бес жасқа толғанда қызметтен шығуға құқылы.

4. Осы қаулы 2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін осы қаулының 1-тармағының жетпіс екінші және жетпіс бесінші абзацтарын қоспағанда, ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі